

# АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

ӨТЕУЛИЕВ ЕРХАН

ШУКЕТАЕВА АНАРГҮЛ



# АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# ЛИВАН



1926 ж. 23 мамырда қабылданған Конституциясы бойынша мемлекет басшысы — президент.
Жоғарғы заң шығарушы органы — депутаттар палатасы. Ұлттық мейрамы — Тәуелсіздік күні — 22 қараша (1943).Ливан 1945 жылдан БҰҰ-на мүше. Әкімшілік жағынан 5 мухафазаға бөлінеді. Ақша бірлігі — ливр

Батыс Азиядағы, Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы мемлекет. Астанасы — Бейрут қаласы Негізгі халқы арабтар (93%), армяндар (6%), түрікте р, күрдтер де мекендейді. Халқының негізгі бөлігі ислам (75%) және христиан (25%) діндерін ұстанады. Ресми тілі — араб тілі.

ТАРИХЫ

- 1864 ж. Халықаралық комиссия Ливан автономиясын жариялады.
- 2003 ж. Ливанда Қазақстанның консулдығы ашылды.
- 1920ж Францияның мандаттық жүйесі орнады
- ел президенті — христиан-маронит



# АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# ЕГИПЕТ




**Мысыр Араб Республикасы** — Африка құрылығының солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатыр

Президенттер

- Мохаммед Нагиб 1953—1954
- Абдель Насер Гамаль 1954—1970
- Ануар Саадат 1970 - 1981
- Хосни Мубарак 1981-2011
- Мохамед Тантави 2011—2012
- Мұхаммед Мурси 2012—2013
- Адли Мансур 2013

Ежелгі Мысыр – Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Мысыр жерін адам баласы палеолит дәуірінен мекендей бастаған. Неолит кезеңінен климат өзгеріп, бұрынғы саванналарды құм басып, адамдар Ніл өз. бойына жинала бастады. Б.з.б. 4-мыңжылдық шамасында Ніл өз. бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит, т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты. Халық санының күрт өсуіне, аңшылық пен балық аулау кәсіптері арқылы тамақ табудың қиындауына байланысты мал шаруашылығы мен егіншілік дами бастады.

# АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# ИРАК







Қазіргі Ирак аумағы — ежелгі мәдениет ошақтарының бірі. Осы жерде б.з.б. 4-мыңжылдықта шумер-аккад мәдениеті пайда болып, қала-мемлекеттер (Ур, Урук, Ашшур, Лагаш, Умма, т.б.) өркендеді. Б.з.б. 2-мыңжылдық басында Оңт. Месопотамияда Вавилон мемлекеті, Солтүстік Месопотамияда Ассирия мемлекеті құрылды

Ирак — экономикалық әлуеті үлкен ел. Елде аса ірі мұнай (65 млрд. Т-дан астам), табиғи газ, фосфат қорлары бар. Ирак — Иран соғысына дейін ел тек мұнай экспортынан ғана жыл сайын 21 — 26 млрд. АҚШ долл-ы көлемінде пайда тауып отырды. Ол ақша елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға, жаңа индустрия мен инфрақұрылымдарды дамытуға жұмсалды. Мұнай шығару, мұнай өңдеу, газ өндіру, цемент, электрэнергетика, машина жасау, т.б. өндіріс салалары жақсы дамыған.

Оңтүстік-Батыс Азияда, Тигр және Евфрат өзендері бойында орналасқан мемлекет. Мемлекеттік тілі — араб тілі. Астанасы — Бағдад (3 млн-нан астам). 1970 ж. қабылданған конституциясы бойынша Революциялық кеңестің төрағасы елдің Президенті және Жоғарғы Бас қолбасшы қызметін қатар атқарады. Заң шығарушы орган — бір палаталы Ұлттық кеңес, 250 депутаттан тұрады. Елдің ұлттық мейрамы — 17 шілде, Ұлттық Республика күні және Тәуелсіздік күні (1958). Ирак 18 провинциядан (мухафаз) тұрады. Ақша бірлігі — Ирак динары.

Ирак әдебиеті араб тілінде дамыған.

Басты өзендері — Тигр мен Евфрат (екеуі қосылып Шатт әл-Араб өз. деп аталады)

Ең биік жері — Қажы Ибраһим тауы (Haji Ibrahim) 3.600 м.

АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# СИРИЯ






Батыс Азиядағы мемлекет, Таяу Шығыс елдерінің бірі. астанасы — Дамаск қаласы. Мемлекет басшысы — президент, үкімет басшысы — премьер-министр. Жоғарғы заң шығарушы органы — Халық кеңесі (бір палаталы парламент). Әкімшілік жағынан 14 мухафазға (провинцияға) бөлінеді. Ақша бірлігі — Сирия фунты. 1945 жылдан БҰҰ-ның, Араб мемлекеттері лигасының мүшесі.

- 1943 ж. желтоқсанда Сирия тәуелсіздігін алды.
- 1958 — 61 ж. Сирия Египетпен бірігіп, Біріккен Араб Республикасын (БАР) құрды.
- 1961 ж. БАР құрамынан шығып, Сирия Араб Республикасы болып жарияланды.
- 1973 ж. ел конституциясы қабылданды. 1973 ж. қазанда Сирия Израильге қарсы соғыс қимылына қатысып, 1974 ж. Голан жотасын қайтарып алды.
- 1976 — 2005 ж. Сирияның бітімгершілік күштері Ливанға кіргізілді.
- 1980 — 88 ж. Иран-Ирак соғысында Иранды қолдады.
- 1980 — 90 ж. Таяу Шығыстағы араб мемлекеттерімен достық қарым-қатынас орнатты.
- 2005 ж. көктемде Ливандағы бітімгершілік күштерін кері қайтарып алды.
- 1992 ж. 27 наурызда Қазақстан Республикасы мен Сирия арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнады.



АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# САУД АРАБИЯСЫ



Араб түбегінде орналасқан мемлекет. Сауд Арабияны «Харам жері» деп атайды. Харам деп аталуына себеп Мекке және Мединеқалаларының орналасуында. Араб тілінде қысқаша — *ас-Саудия* (араб.: السعودية) деп айтылады. Сауд Арабия қазіршi таңда Иордания мен Лихтенштейнді қоса есептегенде әлемдегі 3 династиялық патшалық қатарына жатады.

Сауд Арабия мұнай қорымен әлемдегі бай елдердің қатарынан. 2009 жылы мұнай өндіріп экспорттаудан Ресейден кейінгі екінші орныды иемденді. Мұнайды экспорттау 95% құрайды, оның ішінде 75% мемлекетке кіріс, мемлекет кірісті халыққа теңдей бөліп беріп отырады.

Сауд Арабиясы корольдігі салыстырмалы түрде алып қарағанда жас мемлекет. Ол XX ғасырдың бас кезінде дербес әмірлердің бірі — Әбділ Әзиз ас-Сауд (1880—1953) араб князьдіктерін біріктіру үшін күрес бастағанда пайда болды. 1901 жылы оның әскері Эр-Риядқа кірді, ал 1920 жылы Асирді жаулап алған соң бірігу процесі іс жүзінде аяқталды, 1932 жылы Әбділ Әзиз ас-Сауд басқарған Сауд Арабиясы корольдігі жарияланды.

Мемлекеттік дін - Ислам діні

Астанасы - Эр-Рияд

АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

# ИОРДАНИЯ





Иордания жерін ерте заманда семит тайпалары мекендеген. 2-дүниежүз. соғыс (1939 — 45) жылдарында Трансиордания Ұлыбританияның таяу Шығыстағы негізгі әскери базасы болды. 1946 ж. 22 наурызда Ұлыбритания Трансиорданияны тәуелсіз мемлекет деп таныды, 25 мамырдан бастап ел Иордания атанып, әмір Абдоллах Иорданияның алғашқы королі атанды.

Мемлекет басшысы королъдің заң шығару және атқару билігінде бірдей құқықтары кеңейтілген. Заң шығарушы органы — 2 палаталы Ұлттық жиналыс. Жоғары палатаны (Сенат) король өзі тағайындайды. Төменгі палатаны (депутаттар) халық жасырын дауыспен сайлайды. Әкімшілік жағынан ел 8 аймаққа (мухафаз) бөлінеді. Ұлттық мерекелері: 25 мамыр — Тәуелсіздік күні (1946), 14 караша — корольдің туған күні. Ақша бірлігі — Иордания динары.

**Елордасы**

Амман. Халық саны 2,5 миллион адам (2008 жылғы халық санағы бойынша). 1516 жылдан бастап Бірінші Дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін Осман империясының құрамында болған. 13 ғасырда Аммон патшалығының астанасы болды.

# Назарыңызға рахмет!